



ХҒТАР 17.82.10
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-227-240>

Түркі-моңғол әлемі тоғысындағы Барлық Арасан

А.Ж. Шәріп¹ ID, Ж.Қ. Кишкенбаева^{*2} ID

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

(E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, alakol@semgu.kz; zhuldyzaykk@gmail.com)

Аңдатпа. Барлық Арасан – Абай облысының Үржар ауданының аумағында, Алакөлдің солтүстік-шығыс жағалауынан 18 шақырым жерде, Арасантаудың баурайында орналасқан, емдік қасиеті жоғары термоминералды су көздерімен танымал мекен. Оның геологиялық тарихы, табиғи жер бедері, климаттық ерекшелігі, фаунасы мен флорасы ғылыми тұрғыдан біршама зерттелген деуге болады. XIX ғасырдың 80-жылдарынан, яғни Қызыл Крест қоғамының Жетісу бөлімшесіне қараған тұстан бастап әртүрлі дереккөздерде бальнеологиялық шипажай ретінде көрініс тапқан. Жергілікті тұрғындар оны ежелден қасиетті орын санап, жүйке, буын, тері, асқазан, т.б. сырқат түрлерінен айықтыратын мүмкіндіктерін ерекше бағалаған. Мақалада мәдени-лингвистикалық және тарихи-салыстырмалы әдістерді пайдалана отырып, «Барлық Арасан» атауының шығу төркіні мен ол туралы ел ішінде айтылатын аңыздардың желісін, олардың тарихи кейіпкерлерін (Шыңғысхан, Галдан Церен, Абылай хан, Қабанбай) саралап қарағанда, бұл өңірдің мәдени ландшафты түркі-моңғол әлемімен тығыз байланысты екендігі айқын көрінді. «Барлық Арасан» құрама топонимінің «сазды, балшықты арасан (шипалы батпағы мен суы бар) жер» деген мағынаны білдіретіндігі және көне түркілік «тау культі», «су культі» танымдарының бірлігімен ұштасатындығы байыпталды. Бұл атаудың балама этимологиялық нұсқалары да ескерілді. Зерттеу нәтижелері Барлық Арасанның рухани бітімін насихаттауға және осы аймақтағы рекреациялық туризмді дамыту ісінің мәдени тармағына тиісінше үлес қоса алады.

Түйін сөздер: Барлық Арасан, термоминералды су көздері, түркі-моңғол әлемі, мәдени ландшафт, бесік.

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Этнограф-ғалым Т.Қартай өзінің «Сутаным» атты еңбегінде: «Емдік қасиеті бар су көздерін *арасан сулар* дейді және олардың емдік қасиетін адамзат ежелгі уақыттан бері пайдаланып келеді. Қазақ халқы арасандарға жер астынан шығатын минералдық су көздері – *бұлақ, тұма, қайнарларды* жатқызады», – деп жазады [1, 254 б.]. Қазақстанның шығыс аймағындағы сондай шипалы орындардың бірі – Барлық Арасан.

Барлық Арасан термоминералды су жүйесіне 13 бұлақ көзі кіреді; олар теңіз деңгейінен 579 м биіктікте, Арасан өзенінің алқабында бір-біріне жақын қашықтықта ағып жатыр. Жайпақ төбелі, өсімдігі жұтаң, халық аз қоныстанған жерде орналасқан. Барлық Арасан санаторийінен шығысқа қарай 16 км шамасында. Батыс жағында мемлекеттік шекара жап-жақын. Табиғаты қатал. Ауасы құрғақ. Жазы ыстық, қысы суық. Қарашаның соңынан наурыздың аяғына дейін топырақ үстін қар басып жатады. Дүркін-дүркін екпіні қатты Сайқан желі мен Ебі желі соғады. Минералды бұлақтар Арасан өзенінің оң жағасын бойлап, Барлық жотасының солтүстік-батыс сілемі болып саналатын аласа қырлы Арасантау жүйесінің етегінде жайғасқан. Таудың шығыс жағы – тік құлама жар [2, с.68]. Барлық жотасының жазық бедерлі және суайрық кеңістіктері борпылдақ жамылғылы болып келетін Арасантау бөлігіндегі ең биік нүктесі – 1115 м [3, с.13].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы дереккөздерге сүйенсек, Барлық Арасан минералды бұлақтары (кейбір құжатта Қарабұлақ минералды су көздері деп те кездеседі) Ресей империясы құрамында болған Семей облысының Сергиополь уезіне, одан соң Жетісу облысының Лепсі уезіне қараған [4, 10]. 1880-1890 жылдары Ресей мен Қытай арасындағы шекара бөлісі кезінде «Барлық мәселесі» туындап, ол ұзақ текетіреске ұласқан; өйткені Шәуешек және Петербург келісімшарттарына сәйкес, Барлық қытайлардың қарамағына өтуі тиіс болған [5, 30]. Бұл – шым-шытырық тарихы бар жайт.

1963 жылы «Барлық Арасан» шипажайы ашылған. Шипажай жайғасқан өңірдің кешегі және бүгінгі жай-күйі туралы мерзімді баспасөз беттерінде, ақпараттық порталдарда, жеке авторлық кітаптарда әртүрлі өзекті мақалалар жарық көріп келеді [6; 7; 8; 9; 10; 11;12].

Барлық Арасан – бағзы замандардан бері сан қилы тарихи оқиғаларға куә болған және түрлі халықтардың көші-қон үдерістерін бастан кешірген, ішіне талай сырды бүккен қазыналы өңір. Әсіресе оның топырағында түркі-моңғол әлемінің үйлесімі мен қақтығысы аралас күрделі кезеңдері терең із қалдырып, мәдени қабаттар өзара кірігіп кеткен. Сондықтан Барлық Арасанның мәдени ландшафтын танытатын материалдарды жинақтау мен жүйелеу бұл мақаланың алдына мақсат етіп қойылды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Барлық Арасан аумағының топонимикалық жүйесі мен мәдени болмысына көптеген ғасырлар бойғы этникалық ауыс-түйістердің нәтижесінде пайда болған, ара жігі өте күрделі тарихи және тілдік қыртыстар тән. Сол себепті тақырыпты игеру үшін «Алакөлдің табиғи, тарихи-мәдени ландшафтық әлеуетін кешенді талдау және рекреациялық туризмді дамытудың тиімді тетіктерін әзірлеу» бағдарламасы аясында жинақталған, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында осы аймаққа сапар шеккен

Ресей саяхатшыларының зерттеушілерінің, дәрігерлерінің жеке жазбалары, патша әкімшілігінің ресми құжаттары, «Сибирский Вестник» газетінің жарияланымдары, Абай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының, Қабанбай өлкетану музейінің қорларында сақтаулы әртүрлі дереккөздер, жергілікті өлкетанушылар жинаған мәліметтер, ел ішінен жазып алынған аңыз-әңгімелер пайдаланылып, оларға тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша талдаулар жүргізілді. Түркі-моңғол әлеміндегі тығыз қарым-қатынастардан туындаған «Барлық Арасан» топонимінің түп негізін айқындау үшін мәдени-лингвистикалық әдіс қолданылды. Зерттеу барысында тарихи, тілдік, фольклорлық, әдеби, этнографиялық материалдар пәнаралық байланыс аясында қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Барлық-Арасан» атауының түп-төркіні туралы. «Барлық» атауы түркі-моңғол халықтары мекендейтін әртүрлі аймақтарда кездеседі. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында, Ұлытау облысының Ұлытау ауданында, Ресей Федерациясында – Тыва Республикасының Барун Хемчик кожуунында, Алтай Республикасының Шебалы ауданында, Иркутск облысының Куйтун ауданында, Новосибирск облысының Мошково ауданында осы аттас шағын елді мекендер бар. Қытайдың солтүстік-батысындағы тау жотасы, Батыс Моңғолиядағы бір өзен солай аталады.

«Барлық» сөзінің этимологиясы туралы қилы пікірлер айтылып келеді. Е.Қойшыбаевтың тұжырымынша, ол – «көне түркі тілдеріндегі *бар* этнониміне мекен-жайды көрсететін *-лық* қосымшасы жалғанған атау» [13, с. 56; 14, 67 б.]. «Қазақстан географиялық атауларының сөздігін» жасаған ғалымдар (Т.Жанұзақов, Ә.Сапарбекова, А.Әбдірахманов, т.б.) мұны үстірт түсіндірме деп санап, мынадай болжам ұсынады: «Бұл көне топонимнің бірінші сыңарындағы *бар* сөзінің мағынасы «көп үлкен», «мол». Бірақ атаудың бұл сыңары көне түркі тілдеріндегі *бор>пор* «ақ балшық», «эк» мағыналы сөздің фонетикалық тұрғыдан өзгерген варианты болуы да мүмкін. Сонда *Барлық* «ақ балшықты» деген мағынаны да білдірсе керек» [15, 58 б.]. Сібір мен Қиыр Шығыс топонимикасын зерттеген А.Статейнов: «Алтайдың *барлақ* және тываның *барлық* сөздері моңғолдың *барлуг* тайпасының атынан шығады. Көне түркі тілінде *барлық* – бай, ауқатты», – дейді [16, с.107]. О.Молчанова бірнеше нұсқа ұсынады: *шор.парлак, хак.диал. парлах* – сайрауық (құс) аппелятивінен өрбіген жалқы есім; *моңғ. барлуг* – тайпаның аты; *тив. порлуг* – саз балшықты жер болуы ықтимал [17, с.150]. Моңғол тілінің сөздігіне сүйенсек, «*Барлаг* – моңғолдың ерте кездегі бір аймағы, ол туралы «Моңғолдың құпия шежіресінде жазылған». Сондай-ақ, Моңғолияның Ховд аймағы Алтай аулының жанындағы кішкентай сайды бойлап ағатын Барлаг Гол өзені бар екендігі көрсетілген. Моңғол тілінде «барлаг» сөзінің «жалшы, құл» деген мағынасы да бар екен [18, 78-х]. Соған сәйкес, Алтай Республикасының ғалымы Е.М.Чапьев «Барлық» көне моңғол сөзі деп ұйғарады және *баралаг* «жалшы», «жалданып істейтін» дегенді білдіреді деп жазады [19, с.40].

Зерттеуіміздің барысында қалмақтардың торғауыт тайпасының *Барлық* деп аталатын тармағы бар екендігі анықталды. Құлжаны мекендеген олар 1868 жылғы Дүнген көтерілісінен кейін моңғол Алтайына қарай жылыстап, Қара Ертістің бойына ірге тепкен [20, с. 600]. Ал атақты саяхатшы Н.М.Пржевальский Алтай тауының түстігінде

Барлық атты аласа жота мен шағын өзен болғандығын жазып кеткен [21, с.45-46]. Бұл топонимдер әлгі тайпаның атымен байланысты деп топшылауға болады. Ал біз қарастырып отырған *Барлық* тауына қатысты ұсынылған архив құжаттарына жүгінсек, 1884 жылдың соңына қарай бұл маңда 20 мыңдай қазақ көшіп-қонып жүрген және олар бұл жердің ешуақытта қытайларға тиесілі болмағандығын, бұған қоса өздері жайғасқанға дейін, ел аузындағы әңгімелер бойынша, қалмақтар қоныстанып отырғанын айтқан. Ағайынды *Барлық* және *Жайыр* деген кісілер қалмақтардың көшбасшысы болған және негізгі қоныстары солардың аттарымен аталған-мыс. Кейіннен қалмақтарға Абылай хан шабуыл жасап, қанды қырғынның нәтижесінде оларды Моңғолияға қуған, сонсоң Қапал уезінің қырларына бет түзеген және бұл жерлерді өзімен одақтас мәмбеттерге (найман тайпасының бір аталығы – *авт.*) мұраға қалдырып кеткен көрінеді [5, с.31-32]. И.М.Кочев «Алтайдын Чолмоны» газетінде (1993 жыл, 20 тамыз) жарық көрген мақаласында: «Барлак – аталған жердегі қоныстың (Алтай Республикасындағы елді мекенді айтып отыр – *авт.*) іргесін қалаған адамның аты», – деген жорамал ұсынады [22, с.110]. Жоғарыдағы мәліметтерге ой жүгіртсек, *Барлық* тауының атына ру-тайпаның немесе жеке кісі есімінің қатысы болу ықтималдығы да қарастырылуы қажет. Ал *Жайыр* – Қытайдың шегінде қалған таудың аты. Бір айта кетерлік нәрсе, Абылайдың сенімді серігі болған Қаракерей Қабанбай батырдың сүйегі – әлгі мәмбет руынан. Көнеден жеткен әңгіме бойынша, ол жоңғарлармен шайқастардың бірінде Қайыңды бұлағына аялдап, содан ертеде *Барлық*тың қайнары «Қабанбай арасаны» деп аталыпты деген аңыз да айтылады.

1-сурет. «Барлық Арасан» шипажайының көрінісі



«Арасан» атауы туралы да бірқатар зерттеулерде сөз болады. О.Молчанова бұл сөз түркі-моңғол тілдерінде *аршан*, *аржан*, *аршаан* түрінде ұшырасып, біріншіден, минералды суды;

екіншіден, бұлақты (тұма, қайнар) білдіретіндігін жазады [17, с.137]. Қойшыбаевтың жазуынша, ол ыстық бұлақты мекенді білдіреді және түрлі фонетикалық ауытқулармен *ар.* арашан, *моңғ.-тиб.* рашийан, *бур.* аршан және басқа да арсиан, аржан, нарзан, ғара түрлерінде келеді (соңғы түрі Солтүстік Кавказ түріктері тілінде) [13, с. 37; 14, 49 б.]. О.Ковалевскийдің XIX ғасырдың алғашқы бөлігінде жарық көрген атақты «Моңғол – орыс – француз» сөздігіне сүйенсек: «Аршан» – *arsiyān, rasiyān* (санскр. *Raśāyana*) – 1. мәңгілік суы; 2. храмдарда пайдаланылатын қасиетті су; 3. минералды, шипалы су» [23, с.160]. Түрлі дыбыстық нұсқадағы «арасан» сөзі моңғол және түркі халықтарына будда дінінің мәтіндері арқылы өтіп, географиялық атаулардың тууына негіз болған деген пікір бар [24, с.106]. Мысалы, Бурятияда (Аршаан), Қалмақияда (Аршан Булг, Аршан Зельмен), Алтай Республикасында (Аржан-Суу), Хакасияда (Ағыбан Аржан), Тывада (Тарыс Аржаан, Аржаан Үш Белдыр, Аржаан Уру, т.б.), Қырғызстанда (Алтын Арашан), Өзбекстанда (Арашон) кездесетін топонимдер – соның көрінісі.

Геолог-картограф М.Серікбайұлы Қазақстан аумағындағы «Арасан» сөзіне қатысты жер атауларының жаңсақ жазылып жүргеніне тоқталып, оларды Барлық Арасан, Қапал Арасан, Көктал Арасан, Қорғас Арасан, Алматы Арасаны, Бұғымүйіз Бесмойнақ Арасаны деп алтыға бөліп қарастырады. Ал «Алма Арасан» атауының қате екендігін тарихи деректерге сүйене отырып дәлелдейді [25].

Қ.Сапаров «Барлық Арасан» атауын моңғол тілінен енген топоним деп санайды [және тыва тіліндегі *порлуг/борлук* «батпақты», «балшықты» деген сөздерден жасалып, «Батпақты Арасан» дегенді білдіретінін айтады. Бұл жерлердің батпақты екендігін айғақ ретінде алға тартады [26, 31 б.]. Б.Бияров өз зерттеуінде «барлық» сөзінің «молшылық» мағынасын беретіндігін, бірақ дерексіз ұғымдардың топонимге сирек айналатындығын айтады және бұл ретте *барлаг (барлуг)* моңғол этнонимінің негізділігімен де келіспейді, оның орнына тываның «сазды» деген мағынадағы *порлуг/борлуг* сөзіне жүгінеді [27, с.24]. Сөйтіп: «Барлық Арасан атауы «батпақты, балшықты арасан (шипалы батпағы мен суы бар) жер» деген мағынаны білдіреді», - деген қорытындыға келеді [28, 10 б.]. Барлық тауының антропогенді тарихын зерттеген ғалым Т.Джуркашев оның батыс бөлігі – Арасантаудың топырағы сазды, саз балшықты екендігін жазады [3, с.65].

Барлық Арасанның ауызша нарративтердегі және әдебиеттегі көріністері; олардың тарихи деректермен байланысы. Арасандардың тек емдік қасиеті ғана емес, сакралды сипаты бар екендігі де анық. Алтай, тыва, хакас, бурят, қалмақ жерлеріндегі минералды су көздеріне қатысты аңыздардың кең тарағандығы, олардың басында ғұрыптық жоралғылардың (шүберек байлау, аршамен аластау, тағаммен қоректендіру, т.б.) әлі күнге дейін атқарылып келе жатқаны соны растайды. Бұл тарихи сабақтастықты, яғни аккумулятивтік қызметті қамтамасыз етіп, киелі бұлақтарға қатысты халықтың әлеуметтік тәжірибесін, қалыптасқан дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа ұластырып отырады [29, с.117].

Алтай Республикасының қазақтар тұратын Қосағаш ауданында орналасқан Бұқаөзен арасанын зерттеген ғалым Л.Шерстова жергілікті халықтың дәстүрлі мәдениетінде тамырын көне түркі заманынан тартатын «жер культі» мен «су культі» түсініктерінің өзара кірігіп кеткенін жазады [30, с.173]. Барлық Арасан атауы мен ол туралы аңыздардан да осындай дүниетанымдық синтездің бой көрсететінін байқаймыз.

2-сурет. Барлық тауындағы бесік. Абай облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан.



Тарбағатайдың бір сілемі болып саналатын, Жетісу Алатауынан атақты Жоңғар қақпасы бөліп жатқан, қойнауынан ыстық қайнар атқылаған Барлық тауына қатысты аңыздардың бірінде тұтқиылдан жау шауып, елдің жаппай қырғынға ұшырағаны, жан сауғалап көшкен жұрттың бір сөнбеген жарығындай болып тек бесіктегі баланың тірі қалып кеткені айтылады. Сәбиді табиғат-ана өз қамқорлығына алып, аң-құстар асырапты. Бос бесік тербетуді жаман ырым санаған, тіршіліктің мәнін тал бесіктен жер бесікке дейінгі уақытпен өлшеген қазақ халқы осы аңызға көп мағына жүктеген. Өйткені бесік – үзілмес өмір жалғастығының рәмізі. Тәңірден нәресте сұраған аналардың осы күнге дейін сол киелі бесіктің басына барып, ақтық байлап, түнеп жататыны – халық сенімінің бір көрінісі. Қызылорда және Түркістан облыстарында «Бесіктөбе» деп аталатын киелі орындар бар және – ел айтатын оқиға желісі әртүрлі болғанымен – олардың да ғұрыптық мәні осы іспеттес. Бұған қоса, түркі-моңғолдың байырғы нанымдарында тау үңгірі ана құрсағына теңестірілген.

Аңыз бойынша, қалмақ ханы Галдан бала көтере алмай жүрген әйелін Барлық тауындағы әлгі бесікке әкеліп сыйындырып, арасанға шомылдырған соң, ол шекесі торсықтай ұл тапқан көрінеді. Қуанышы қойнына сыймаған қонтайшы Барлық тауының баурайына будда ғибадатханасын салдырыпты-мыс. Бұл – ел аузындағы әңгіме. Ал семейлік өлкетанушы В.Кошляк тарихи құжаттарға жүгіне отырып, Галдан қонтайшының XVIII ғасырда арасан бұлақ шығып жатқан төбеге 17 пұттасы (идол) бар храм мен діндарларға арнап бес үй тұрғызғанын, емдік астаулар жасатқанын баяндайды [31]. Тарихта даңқы шыққан Галдан есімді екі жоңғар қонтайшысы белгілі: Галдан Бошокту (1644-1697) және Галдан Церен (1693-1745). Аңызда екеуінің іс-әрекеті кей кезде өзара телініп кететін секілді. Егер оқиға, В.Кошляк айтқандай, XVIII ғасырда орын алған болса, онда Галдан Церен нұсқасы шындыққа жақын. Сондай-ақ, аңыздағы 17 санына қатысты бір сәйкестік кездеседі. Қалмақ Республикасының астанасы Элистада Будда храмы – Хурулдың айналасында 17 будда ғұламасының (пандит) мүсіндері қойылған. Олар Үндістанның солтүстігінде V-XII ғасырларда ірге тепкен буддалық

Наланда университетінің ең атақты оқымыстылары болып саналады. Аңызда айтылатын 17 мүсіннің сыры осыған байланысты болуының ықтималдығы зерттеуді керек етеді. Бірақ 17 буддалық нумерологияда киелі сандардың қатарына жатпайды.

3-сурет. Барлық Арасандағы тасқа түсірілген жазба



Барлық Арасан туралы әңгімелердің арғы түбі моңғол империясы заманына кетеді. Аңыз бойынша, Шыңғысханның сарбаздары жарақаттарынан осы суға түсіп айыққан. Ұлы қолбасшының өзі де бұл жерде аялдаған. Н.Барабанов есімді бір кісі 1967 жылғы 6 маусым күні тастың бетіне орыс тілінде: «Тебя приветствует Барлык, Всяк в твой источник окунувшись. Младенец, женщина, старик, В мир исцеленными вернувшись. Гласит преданье старины глубокой: Здесь Чингиз-хан купал войска, Чтоб закалить на бой жестокий Головореза – степняка», – деген жолдарды түсіріпті. Бұл ел ішіндегі аңызды айғақтайды. Жалпы, түркі-моңғол әлемінде Шыңғысханмен байланыстырылатын басқа да киелі бұлақ көзі бар. Шығыс Саян тауларында, Бурятияның Ахын аймағында орналасқан Шумақ арасаны (бур. Шумаагай аршаан) – осындай мекен. Мұндағы Шыңғыс хан туралы аңыздың желісі (әскері осы арада қуатын қалпына келтірген, өзі тынығатын болған) Барлық Арасан әңгімесімен тура үндеседі. Жергілікті қазақтар Барлық Арасан бұлақтарын «көз суы», «жүрек суы», «асқазан суы» деп жіктейтіні секілді, Шумақ арасанының басындағы тастарға сол жердің тұрғындары судың емдік қасиетіне қарай «жүрек», «өкпе», «бауыр», «бүйрек», т.б. сөздерді жазып қояды екен.

Барлық Арасан қазақ поэзиясында көрініс тапқан. Бұл қатарда Қазақстанның халық жазушылары Ғафу Қайырбеков пен Тұрсынхан Әбдірахманованың «Барлық-Арасан» атты өлеңдері бар [32;33]. Барлық Арасанның шипалы қасиетін («Жаныңа ем – дәру қарасаң»), оның табиғат көрінісін («Алдында бүйректей/ Тауды қарасаң, /Бейне бір шүмектей «Барлық-Арасан», /Атылған аспанға/ Ақ жалын секілді») шебер сипаттаған Ғ.Қайырбеков бұл мекенге байланысты ел аузында сақталған бір әңгіменің ұштығын шығара кетеді. Оған мына өлең жолдары айғақ:

Қайнатпай қазандық,
Сол суға салып ап
Етін де жей берген.
Аңыз ба ол, бәлкім,
Ел, бірақ, емделген.

Ендеше, Барлық-Арасан суының ерекше қасиеттілігі сондай, малдың етін ішіне салып, еш қайнатпастан тағамға жарата берген дегенге саяды. Әлбетте, бұл – халықтың көне таным-түсінігінің санада қалған ізі.

Т.Әбдірахманова Барлық-Арасанның болмысын «жалтыр бет, жалаңаш тау, терең өzek» деп сипаттай отырып, мұның дәру болар сырын аңшылар ертеде ашқан, онымен ғылым кейін айналыса бастаған дейді. Киелі мекеннің қуатын:

Жиекте тұма көздер бұрқ-бұрқ қайнап,
Өзенмен тоғысады жылжып жайлап.
Шипа су ыстықтығы қырық бес цельсий,
Балдақпен келген қайтады құлынша ойнап, -

деп әсірелеп жырлайды. Бұл пайым да ел аузындағы әңгімелерден алшақ жатпаса керек. Өйткені XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Ресейдің Том қаласында жарық көріп тұрған «Сибирский Вестник» журналының бір санында Ф.Б. бүркеншек есімді автордың «Барлық немесе Арасан сулары» атты мақаласында: «Дәліздің қабырғасына Николаев деген кісіге тиесілі болған екі балдақтың бірі шегемен қағып бекітілген және оған балдақтың иесі өз қолымен келесі мәндегі сөздерді жазып қалдырған: «қажеті болмағандықтан балдақты осында тастап барамын; басқа балдағымды самауырға отын етіп жаратып жібердім. 1887 ж. Николаев», - деген мәлімет келтірілген [34]. 1903 жылы Барлыққа сапар шеккен священник Б.Герасимов ұзаққа созылған ревматизммен ауыратын, аяғын санап басып жүрген бір қарияның шипалы су толтырылған астауға 20-25 рет түскен соң балдағын тастап, сау адамша еркін қимылдап кеткенін жазады [35, с.33-34]. Ендеше, ақын бұған ұқсас жағдайларды өз көзімен көрді ме, көрмеді ме – белгісіз, бірақ шипалы судың таңғаларлық әлеуетін өлең өзегіне осылайша өрген.

Қорытынды. Барлық Арасан – ыстық минералды бұлақтарымен, солардың суын пайдаланатын шипажайымен танымал табиғи-географиялық нысан ғана емес, түркі-моңғол әлемінің, оның ішінде қазақ халқының көп ғасырлық тарихы мен рухани тәжірибесі бедерленген аймақ. Ресми құжаттарда, статистикалық мәліметтерде, зерттеу еңбектерінде, мерзімдік басылымдарда, саяхат жазбаларында XIX ғасырдың 80-90 жылдарынан бастап қана таңбаланғанымен, ол туралы ауызша нарративтер арғы дәуірлерден бері ұрпақтан ұрпаққа ауысып жетіп отырған. Жоталы белдерден, емдік қасиеті мол қайнарлардан бойына қуат, дертіне дауа тапқан көшпенділер тау мен суды киелі санайтын дәстүрлі дүниетанымына сәйкес ғұрыптық рәсімдерін жасаған. Тарихтағы тағдырлы сәттерді аңызға айналдырған. Оның барлығы халықтың тұрмыс-тіршілігінің, сана-сезімінің, туған топыраққа сүйіспеншілігінің ұйытқысы болған.

Зерттеу нәтижесінде Барлық Арасан түркі-моңғол әлемінің тарихи әрі мәдени факторлары түйіскен, бойына қилы заманалар рухын дарытқан құнарлы қоныс екендігі зерделенді.

Біріншіден, «Барлық Арасан» құрама топонимінің «сазды, балшықты жер» мен «шипалы бұлақ» мағынасын беретін түркі (тыва) және санскрит сөздерінің тіркесімінен шыққанын негіздейтін этимологиялық тұжырымдар қарастырылды. «Барлық»

атауының ру-тайпаның атымен немесе жеке адамның есімімен байланысты болу мүмкіндігі жөніндегі болжамдар да назарға алынды.

Екіншіден, Барлық Арасанның атауынан көне түркілік «қасиетті Жер-Су» («Ыдук Йер-Суб») дүниетанымдық концепциясының ізін сақтаған «тау культі» мен «су культі» ұғымдарының түрлі ғұрыптық жоралғылар арқылы көрініс табатыны дәйектелді.

Үшіншіден, Барлық Арасанға қатысты аңыздар мен ел аузындағы әңгімелер талқыланып, олардың өзегінде ежелгі Моңғол империясы, Қазақпен Жоңғар хандықтары дәуірлері оқиғаларының жаңғырықтары астасып жатқаны, яғни хронологиялық шегі шамамен XII-XVIII ғғ. арасын қамтитыны пайымдалды. Бұл ретте тарихи тұлғалар – Шыңғысхан, Галдан Церен, Абылай хан, Қабанбай туралы нарративтер тілге тиек етілді.

Төртіншіден, қазақ поэзиясындағы Барлық Арасан бейнесі Ғ.Қайырбеков пен Т.Әбдірахманованың өлеңдері бойынша талданып, олар халықтың таным-түсінігімен және тарихи деректермен сабақтастырылды.

Қорыта айтқанда, мақаланың нәтижелері Барлық Арасан өңірін рекреациялық туризм аймағы ретінде дамытуда оның тарихи-мәдени сипатын ашып көрсетуге септігін тигізе алады.

Қаржыландыру. Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті 2024-2026 жж. қаржыландыратын BR24992981 «Алакөлдің табиғи, тарихи-мәдени ландшафтық әлеуетін кешенді талдау және рекреациялық туризмді дамытудың тиімді тетіктерін әзірлеу» бағдарламасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Шәріп А.Ж. – мақаланың мақсаты мен міндеттерін айқындау; теориялық негіздемесін әзірлеу; отандық және шетелдік ғалымдардың тақырыпқа қатысты еңбектерін зерделеу және оларды талдау; зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан рәсімдеу;

Кишкенбаева Ж.Қ. – мақаланың тұжырымдамасын дайындау; далалық материалдарды жинақтау және қорыту; түрлі дереккөздермен жұмыс жүргізу; мәліметтердің нақтылығын тексеру.

Әдебиеттер тізімі

1. Қартай, Т. (2021) Сутаным: экспедициялық зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 326 б.
2. Жексембаев, Е. (2018) Минеральные воды Алакольской впадины. Условия формирования и перспективы освоения: диссертация на соискание ученой степени доктора философии (PhD). Алматы, 121 с.
3. Джуркашев, Т. (1972) Антропогеновая история Балхаш-Алакольской впадины. Алма-Ата: Наука, 130 с.
4. Курлов, М.Г. (1929) Библиографический справочник по сибирской бальнеологии. Томск: Издание Томского государственного физио-терапевтического института, 165 с.
5. Анисимова, И.В. (2009) «Решение вопроса о Барлыкских казахах в российских правительственных кругах (80-90-е гг. XIX в.)», Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: Сборник научных трудов X Международной научно-практической конференции. Усть-Каменогорск: Либриус, 432 с.
6. Камалов, Ә. (1999) «Алтынның қолда барда қадірі жоқ: «Барлық-Арасан» санаторийінің проблемалары», Дидар, 17 сәуір.

7. Жақсыбаев, Д. (2004) «Дертке дауа, жанға шипа "Барлық -Арасан"», Ертіс өңірі, 8 шілде.
8. Шүркімбаев, М. (1998) «"Барлық-Арасан" санаторийі», Уақыт тынысы, 8 тамыз.
9. Нұрпейісова, Г. (2010) «Қасиетті Алакөл, шипалы Барлық-Арасан», География және табиғат: республикалық ғылыми-педагогикалық журнал, 1, бб. 50-55.
10. Сәйдірахман, Ұ. (2019) Қайнап шыққан арасан, олжасы оның орасан. Сілтеме арқылы қол жетімді: https://el.kz/kainap_shikkan_arasan_olzhasi_onin_orasan_27178/ (қаралған күні: 02 шілде 2025 ж.).
11. Анаш, Д. (2017) «Барлық-Арасан. Шипалы су шарапаты», Алтайдан Алакөлге дейін. Алматы: Arna-b, бб. 303-308.
12. Мұхаметқалиқызы, А. Жарбұлақ – Анталия бола алады. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://abai.kz/post/137525> (қаралған күні: 22 қаңтар 2025).
13. Койчубаев, Е. (1974) Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма -Ата: Наука, 275 с.
14. Қойшыбаев, Е. (1985) Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 256 б.
15. Қазақстан географиялық атауларының сөздігі (1990). Алматы: Ғылым, 296 б.
16. Статейнов, А. (2008) Топонимика Сибири и Дальнего Востока. Красноярск: Издательство «Буква С», 512 с.
17. Молчанова, О.Т. (1979) Топонимический словарь Горного Алтая. Под ред. А.Т. Тыбыковой. Горно-Алтайск: Алтайское книжное издательство, 398 с.
18. Монгол хэлний товч тайлбар толь (1966), Бүгд найрамдах Монгол ард улсын ШУА Хэл зохиолын хүрээлэн. Зохиосон Я.Цэвэл. Улаанбаатар, 913 х.
19. Чапыев, Е.М. (1991) Туулу алтайдын ономастиказы. Горно-Алтайск: Алтайдын бичик чыгарузынын Туулу Алтайдагы болуги, 60 с.
20. БАРЛЫКИ, торгоутские племена калмыков (1900), Большая энциклопедия. Словарь общедоступных сведений по всем отраслям знаний, Под ред. С.Н. Южакова, П.Н. Милюкова. СПб.: Книгоиздат. т-во "Просвещение", Т.2. Арбуа де Жюбанвиль, Беллингсгаузен, 794 с.
21. Пржевальский, Н.М. (1883) Из Зайсана через Хами в Тибет и на верховья Желтой реки: 3-е путешествие в Центр. Азии. Санкт-Петербург: Русское географическое общество, 476 с.
22. Топонимика Республики Алтай. Доступно по ссылке: https://niialt.ru/attachments/article/551/001_060522-toponimika_shebalinsk.pdf (дата обращения: 22 января 2025).
23. Монгольско-русско-французский словарь. Доступно по ссылке: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=278964> (дата обращения: 22 января 2025).
24. Манджиева, Э., Кичикова, Н. (2016) !Сакральное значение топонимов Республики Калмыкия с компонентами «Аршан», «Цаган» и «Хар»: лингвокультурологический аспект», Известия ВГПУ, 7 (111), стр. 105-109.
25. Серікбайұлы, М. (2011) «Тарихи атаумен таласпас болар», Ана тілі, 3 наурыз.
26. Сапаров, Қ. (2012) Қазақ шығысының өзен-көл атаулары. Павлодар: Кереку, 214 б.
27. Бияров, Б. (2012) Топонимы Казахского Алтая. Усть-Каменогорск: ВКГУ им.С.Аманжолова, 121 с.
28. Бияров, Б. (2022) «Шығыс Қазақстан облысының трансшекаралық топонимдері», Ономастикалық хабаршы, 1 (42), бб. 9-14.
29. Копелиович, Г.Б. (2018) «Аржааны как часть культурно-религиозного ландшафта Республики Тыва», Новые исследования Тувы, 4, стр. 112-124. Доступно по адресу: <https://doi.org/10.25178/nit.2018.4.6>
30. Шерстова, Л.И. (2024) «Религиозный синкретизм алтайских обрядов почитания лечебных источников (на примере Бугузунского аржана)», Вестник Томского государственного университета. История, 91, стр. 171-177.

31. Белякина, А. (2015) «Алаколь. Чудо-вода, ханские ванны и отсутствие сервиса», Караван. Доступно по ссылке: <https://www.caravan.kz/news/voiny-chingiskhana-byli-pervymi-turistami-na-alakole-862932/> (дата обращения: 22 января 2025).
32. Қайырбеков, Ғ. Барлық-Арасан. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://bilim-all.kz/olen/11008-Barlyq-Arasan> (қаралған күні: 22 қаңтар 2025).
33. Әбдірахманова, Т. Барлық-Арасан. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://bilim-all.kz/olen/22685-Barlyq---Arasan> (қаралған күні: 22 қаңтар 2025).
34. «Барлыкские или Арасанские воды» (1890), Сибирский Вестник, 35, стр. 3-5.
35. Герасимов, Б.Г. (1905) «Поездка на Барлыкские минеральные источники», Записки Семипалатинского подотдела Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества. Вып. 2. Семипалатинск: Типо-литография торгового дома «П.Плещеев и К», стр. 1-50.

А.Ж. Шарип¹, Ж.К. Кишкенбаева²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Университет Шакарима, Семей, Казахстан

(E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, alakol@semgu.kz; zhuldyzaykk@gmail.com)

Барлык Арасан на пересечении тюрко-монгольского мира

Аннотация. Барлык-Арасан – местность, расположенная на территории Урджарского района Абайской области, у подножия гор Арасантау, в 18 километрах к северо-востоку от побережья озера Алаколь. Регион получил известность благодаря термоминеральным источникам, обладающим высокой степенью лечебных свойств. Геологическая история, природный рельеф, климатические особенности, фауна и флора данной территории в целом уже стали предметом научных исследований. С 1880-х годов, после перехода в ведение Жетысуского отделения Общества Красного Креста, Барлык-Арасан начал упоминаться в различных документах как бальнеологический курорт. В традиционном мировоззрении местного населения этот регион воспринимается как сакральное пространство, обладающее целебными свойствами при лечении широкого спектра заболеваний – от неврологических до кожных и желудочно-кишечных. В статье, с использованием культурно-лингвистического и историко-сравнительного методов, исследуется происхождение названия «Барлык-Арасан», а также сюжеты локальных устных нарративов, связанных с данным местом, и личностями, олицетворяющими историческую память региона (Чингисхан, Галдан Цэрэн, Абылай хан, Кабанбай батыр). Выявлено, что составной топоним «Барлык-Арасан» означает «глинистое, илистое место с целебной грязью и водой» и соотносится с древнетюркскими представлениями о культе гор и воде как сакральной субстанции. Также были рассмотрены альтернативные этимологические версии названия. Результаты исследования могут способствовать популяризации духовного облика Барлык-Арасана и внести вклад в развитие культурной составляющей рекреационного туризма в этом регионе.

Ключевые слова: Барлык-Арасан, термоминеральные источники, тюрко-монгольский мир, культурный ландшафт, колыбель.

A.Zh. Sharip¹, Zh.K. Kishkenbayeva²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

(E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, alakol@semgu.kz; zhuldyzaykk@gmail.com)

Barlyk Arasan at the Crossroads of the Turkic-Mongolian World

Abstract. Barlyk-Arasan is a locality situated in the territory of the Urzhar District of the Abai Region, at the foot of the Arasantau Mountains, 18 kilometers northeast of the shores of Lake Alakol. The region is renowned for its thermomineral springs, which possess highly therapeutic properties. The area's geological history, natural relief, climatic features, fauna, and flora have, to a significant extent, already been the subject of scientific research. Since the 1880s, following its inclusion under the jurisdiction of the Semirechye branch of the Red Cross Society, Barlyk-Arasan began to be mentioned in various sources as a balneological resort. In the traditional worldview of the local population, this region is regarded as a sacred space endowed with healing powers, capable of treating a wide range of ailments – from neurological and joint conditions to dermatological and gastrointestinal disorders. This article, employing cultural-linguistic and historical-comparative methods, explores the etymology of the toponym "Barlyk-Arasan" as well as the narrative structures of local oral legends associated with the area and historical figures embodying its collective memory (such as Genghis Khan, Galdan Tseren, Abylai Khan, and Kabanbai Batyr). The analysis reveals that the compound toponym "Barlyk-Arasan" translates as "a clayey, muddy place with healing mud and water," and corresponds to ancient Turkic notions of the cult of mountains and the sacredness of water. Alternative etymological interpretations of the name are also taken into consideration. The research findings can contribute to the promotion of the spiritual heritage of Barlyk-Arasan and support the development of the cultural dimension of recreational tourism in the region.

Keywords: Barlyk-Arasan, thermomineral springs, Turkic-Mongolian world, cultural landscape, cradle.

References

1. Kartaj, T. (2021) Sutanyam: jekspediciyalyk zertteuler. Almaty: Kazak universiteti, b. 326. [in Kazakh]
2. Zheksembaev, E. (2018) Mineral'nye vody Alakol'skoj vpadiny. Usloviya formirovaniya i perspektivy osvoeniya: dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni doktora filosofii (PhD). Almaty, s. 121. [in Russian]
3. Dzhurkashev, T. (1972) Antropogenovaya istoriya Balhash-Alakol'skoj vpadiny. Alma-Ata: Nauka, s. 130. [in Russian]
4. Kurlov, M.G. (1929) Bibliograficheskij spravochnik po sibirskoj bal'neologii. Tomsk: Izdanie Tomskogo gosudarstvennogo fizio-terapevticheskogo instituta, s. 165. [in Russian]
5. Anisimova, I.V. (2009) «Reshenie voprosa o Barlykskih kazahah v rossijskih pravitel'stvennyh krugah (80-90-e gg.)», Jetnodemograficheskie processy v Kazahstane i sopredel'nyh territorijah: Sbornik nauchnyh trudov X Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Ust'-Kamenogorsk: Librius, s. 432. [in Russian]
6. Kamalov, Ә. (1999) «Altynnyn kolda barda kadiri zhok: «Barlyk-Arasan» sanatorijinin problemalary», Didar, 17 sauir. [in Kazakh]
7. Zhaksybaev, D. (2004) «Dertke daua, zhanga shipa "Barlyk -Arasan"», Ertis oniri, 8 shilde. [in Kazakh]

8. Shyrkimbaev, M. (1998) «"Barlyk-Arasan" sanatoriji», Uakyt tynysy, 8 tamyz. [in Kazakh]
9. Nyrpejisova, G. (2010) «Kasietti Alakol, shipaly Barlyk-Arasan», Geografiya zhane tabigat: respublikalyk gylymi-pedagogikalyk zhurnal, 1, bb. 50-55. [in Kazakh]
10. Sajdirahman, Y. (2019) Kajnap shykқан arasan, olzhasy onyn orasan. Silteme arkyly kol zhetimdi: https://el.kz/kainap_shikkan_arasan_olzhasi_onin_orasan_27178/ (karalghan kyni: 22 kantar 2025). [in Kazakh]
11. Anash, D. (2017) «Barlyk-Arasan. Shipaly su sharapaty», Altajdan Alakolge dejin. Almaty: Arna-b, bb. 303-308. [in Kazakh]
12. Myhametkalikyzy, A. Zharbylak – Antaliya bola alady. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://abai.kz/post/137525> (karalghan kyni: 02 shilde 2025 zh.). [in Kazakh]
13. Kojchubaev, E. (1974) Kratkij tolkovyj slovar' toponimov Kazahstana. Alma -Ata: Nauka, s. 275. [in Russian]
14. Kojshybaev, E. (1985) Kazakstannyn zher-su attary sozdigi. Almaty: Mektep, b. 256. [in Kazakh]
15. Kazakstan geografijalyk ataularynyn sozdigi (1990). Almaty: Fylym, b. 296. [in Kazakh]
16. Statejnov, A. (2008) Toponimika Sibiri i Dal'nego Vostoka. Krasnoyarsk: Izdatel'stvo «Bukva S», c. 512. [in Russian]
17. Molchanova, O.T. (1979) Toponimicheskij slovar' Gornogo Altaya. Pod red. A.T. Tybykovej. Gorno-Altajsk: Altajskoe knizhnoe izdatel'stvo, s. 398. [in Russian]
18. Mongol hjelnij tovch tajlbar tol' (1966), Bygd najramdah Mongol ard ulsyn ShUA Hjel zohiolyn hyrjejeljen. Zohioson Ja.Cjevjel. Ulaanbaatar, h. 913. [in Mongolian]
19. Chapyev, E.M. (1991) Tuulu altajdyn onomastikazy. Gorno-Altajsk: Altajdyn bichik chygaryzynyn Tuulu Altajdagi bolugi, s. 60. [in Kyrgyz]
20. BARLYKI, torgoutskie plemena kalmykov (1900), Bol'shaya jenciklopediya. Slovar' obshhedostupnyh svedenij po vsem otraslyam znaniy, Pod red. S.N. Juzhakova, P.N. Miljukova. SPb.: Knigoizdat. t-vo "Prosveshhenie", T.2. Arbua de Zhjubanvil' – Bellingsgauzen, c. 794. [in Russian]
21. Przheval'skij, N.M. (1883) Iz Zajsana cherez Hami v Tibet i na verhov'ya Zheltoj reki: 3-e puteshestvie v Centr. Azii. Sankt-Peterburg: Rusckoe geograficheskoe obshhestvo, s. 476. [in Russian]
22. Toponimika Respubliki Altaj. Dostupno po ssylke: https://niialtru/attachments/article/551/001_060522-toponimika_shebalinsk.pdf (data obrashheniya: 22 yanvarya 2025). [in Russian]
23. Mongol'sko-russko-francuzskij slovar'. Dostupno po ssylke: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=278964> (data obrashheniya: 22 yanvarya 2025). [in Russian]
24. Mandzhieva, Je., Kichikova, N. (2016) 'Sakral'noe znachenie toponimov Respubliki Kalmykiya s komponentami «Arshan», «Cagan» i «Har»: lingvokul'turologicheskij aspekt', Izvestiya VGPU, 7 (111), str. 105-109. [in Russian]
25. Serikbajly, M. (2011) «Tarihi ataumen talaspas bolar», Ana tili, 3 nauryz. [in Kazakh]
26. Saparov, K. (2012) Kazak shygysynyn ozen-kol ataulary. Pavlodar: Kerekku, b. 214. [in Kazakh]
27. Biyarov, B. (2012) Toponimy Kazahskogo Altaja. Ust'-Kamenogorsk: VKGU im.S.Amanzholova, s. 121. [in Russian]
28. Bijarov, B. (2022) «Shygys Kazakstan oblysynyn transshekaralyn toponimderi», Onomastikalyn habarshy, 1 (42), bb. 9-14. [in Kazakh]
29. Kopeliovich, G.B. (2018) «Arzhaany kak chast' kul'turno-religioznogo landshafta Respubliki Tyva», Novye issledovaniya Tuvy, 4, str. 112-124. Dostupno po adresu: <https://doi.org/10.25178/nit.2018.4.6> [in Russian]
30. Sherstova, L.I. (2024) «Religioznyj sinkretizm altajskih obrjadov pochtaniya lechebnyh istochnikov (na primere Buguzunskogo arzhana)», Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriya, 91, str. 171-177. [in Russian]

31. Beljakina, A. (2015) «Alakol'. Chudo-voda, hanskie vannы i otsutstvie servisa», Karavan. Dostupno po ssylke: <https://www.caravan.kz/news/voiny-chingiskhana-byli-pervymi-turistami-na-alakole-862932/> (data obrashheniya: 22 yanvarya 2025). [in Russian]
32. Kajyrbekov, G. Barlyk-Arasan. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://bilim-all.kz/olen/11008-Barlyq-Arasan> (karalghan kyni: 30 shilde 2025 zh.). [in Kazakh]
33. Abdirahmanova, T. Barlyk-Arasan. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://bilim-all.kz/olen/22685-Barlyq---Arasan> (karalghan kyni: 22 kantar 2025). [in Kazakh]
34. «Barlykskie ili Arasanskіe vody» (1890), Sibirskij Vestnik, 35, str. 3-5. [in Russian]
35. Gerasimov, B.G. (1905) «Poezdka na Barlykskie mineral'nye istochniki», Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela Russkogo geograficheskogo obshhestva. Vyp. 2. Semipalatinsk: Tipo-litografiya trgovogo doma «P.Pleshheev i K», str. 1-50. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Шәріп А.Ж. – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Кишкенбаева Ж.Қ. – хат-хабарға жауапты автор, PhD, ғылыми қызметкер, Тарих және археология ғылыми орталығы, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Шарип А.Ж. – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Кишкенбаева Ж.Қ. – автор для корреспонденции, PhD, научный сотрудник, научный центр История и археология, Университет Шакарима, Семей, Казахстан.

Sharip A.Zh. – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kishkenbayeva Zh.K. – corresponding author, PhD, Research Associate, The Scientific Center History and Archaeology, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).